

4782405

Сканерді пайдалану жөніндегі нұсқаулық

- ✓ **Орнату**
- ✓ **Пайдалану және қызмет көрсету**
- ✓ **Ақаулықтарды іздеу және жою**

Тауар белгісі

© 2020. Барлық құқықтар сақталған. Осы құжаттың ешқандай бөлігін рұқсатсыз жаңғыртыға болмайды. Осы құжатта айтылатын барлық тауар белгілері мен сауда маркалары олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Міндеттемелер

Осы пайдаланушы нұсқаулығы материалдарының дәлдігін қамтамасыз ету үшін бар күшімізді салдық, осы нұсқаулықтағы қателер, болжамдар немесе пікірлер немқұрайлылық салдарынан, кездейсоқ немесе кез келген себептерден туындағанына қарамастан, біз осы қателер, болжамдар немесе пікірлер үшін жауапкершілік көтермейміз. Осы нұсқаулықтағы мәліметтерге өзгерістер енгізу мәлімдеусіз жүргізіледі. Біздің компания пайдаланушының осы нұсқаулықта көрсетілген пайдалану ережелерін сақтамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

Авторлық құқықтар

Кейбір құжаттарды, мысалы, чектерді, банкноттарды, жеке куәліктерді, мемлекеттік облигацияларды немесе ресми құжаттарды, сканерлеуге заңмен тыйым салынады және қылмыстық заңмен қудаланады. Кітаптарды, журналдарды және басқа да материалдарды сканерлеу кезінде авторлық құқық туралы заңдарды мұқият сақтау ұсынылады.

Қоршаған орта туралы ақпарат

Қызмет мерзімі өткеннен кейін өнімді қайта өңдеу және кәдеге жарату бойынша толығырақ ақпарат алу үшін дистрибьюторыңызға хабарласыңыз. Бұл бұйым қоршаған орта ахуалының орнықты жақсаруына қол жеткізу мақсатында жобаланып жасалған. Біз өнімді халықаралық қоршаған ортаны қорғау стандарттарына сәйкес жасап шығаруға тырысамыз. Тиісінше кәдеге жарату туралы ақпарат алу үшін жергілікті билік органдарына жүгінізіз. Бұл бұйымның қаптамасы қайта өңдеу үшін жарамды.

Түсірілім үлгілері

Осы нұсқаулықта келтірілген экрандардың түсірілімдері Windows 7 ОЖ ортасында жасалған болатын. Егер сіздің компьютеріңіз Windows 8 / 10 ОЖ басқаруымен жұмыс істесе, онда экраныңыздағы кескіндер сәл басқаша көрінуі мүмкін, алайда функционалдық тұрғыдан айырмашылықтар болмайды.

Мазмұны

КІРІСПЕ	1
Осы нұсқаулықты қалай пайдаланады	1
Пайдаланылатын пиктограммалар	2
Белгішелерді пайдалану	2
Сақтық шаралары	2
Компьютердің аппараттық құралдарына қойылатын талаптар	4
Жеткізу жиынтығы	5
Сканердің бөліктері	6
Үлдірлер ұстағыштары	7
Энергия үнемдеу	9
Пайдалану және қызмет көрсету	9
I ТАРАУ. PLUSTEK СКАНЕРІН ҚОСУ	10
Программалық қамтымды қосуға қойылатын талаптар	10
Аппараттық құралдарға қойылатын талаптар	10
Windows үшін орнату	11
<i>Сканерді орнату және қосу</i>	11
<i>Программалық қамтымды орнату кезінде ақаулықтарды жою</i>	16
<i>Windows үшін SilverFast программалық қамтымын орнату</i>	17
Mac X ОЖ үшін орнату	19
II ТАРАУ. СКАНЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ	21
IntelliScan батырмасын пайдалану	22
QuickScan батырмасын пайдалану	22
QuickScan теңшелімдері және алдын ала қарау терезесінің сипаттамалары	23
III ТАРАУ СКАНЕРЛЕУ НЕГІЗДЕРІ	29
1-қадам. Сканерді қосу	29
2-қадам. Үлдірді ұстағышқа орналастыру	29
3-қадам. Үлдірді ұстағышқа орнату	30
4-қадам. QuickScan батырмасын басыңыз	31
5-қадам. QuickScan программасы теңшелімдерінің конфигурациясы	31
6-қадам. Сканерлеу процесін аяқтау	32
A ҚОСЫМШАСЫ: АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ	33
Сканерді қосу	33
Сканерлеу проблемалары	34
B ҚОСЫМШАСЫ: ЕРЕКШЕЛІКТЕР	37
C ҚОСЫМШАСЫ: СЕРВИС ЖӘНЕ КЕПІЛДІК	40
Сервис пен қолдау көрсету туралы ақпарат	40
Шектеулі кепілдік туралы ереже	41
Федералдық радиожиіліктері жөніндегі байланыс комиссиясының ережесі	43

Кіріспе

Plustek сканерлер әлеміне қош келдіңіз! Жаңа сканер Сізге кескіндер мен электрондық мәтінді компьютерге неғұрлым кәсіби түрде енгізуге мүмкіндік береді және Сіздің сенімді көмекшіңізге айналады.

Біздің барлық өнімдеріміз сияқты, бұл сканер де мұқият сыналған және сенімді өндіруші ретіндегі біздің беделімізбен қуатталған.

Бізді сканерлер жеткізушісі ретінде таңдағаныңыз үшін рақмет. Сіз біздің өнімдерімізді пайдалана берерсіз деп және өз қажеттіліктеріңіз үшін қосымша жабдықтар сатып аларсыз деп үміттенеміз.

Осы нұсқаулықты қалай пайдаланады

Осы нұсқаулықта Windows-пен таныс пайдаланушыларға арналған сканерді орнату және онымен жұмыс істеу жөнінде нұсқаулар беріледі. Егер Сіз Windows ОЖ-мен таныс болмасаңыз, біз Сізге осы операциялық жүйе туралы көбірек оқып білуге кеңес береміз. Сканерді пайдаланар алдында Microsoft Windows пайдаланушысы нұсқаулығына жүгініңіз.

Осы нұсқаулықтың Кіріспе бөлімінде қораптың ішіндегісі және сканерді пайдалану үшін компьютерге қойылатын ең аз талаптар сипатталады. Сканермен жұмысты бастау алдында сканердің барлық қажетті компоненттерінің бар-жоғына көз жеткізіңіз. Егер Сіз қандай да бір бөлшектің зақымдалғанын немесе болмағанын байқасаңыз, сканерді сатып алған дүкенге хабарласыңыз немесе сервис орталығына жүгініңіз.

I тарауда сканердің программалық қамтымын орнату және сканерді компьютерге қосу тәртібі сипатталады. II тарау сканер панеліндегі батырмалармен жұмысты және QuickScan программасының қолжетімді теңшелімдерін сипаттайды. III тарауда QuickScan батырмасы арқылы қарапайым сканерлеу міндеттерін орындаудың қадамдық сипаттамасы ұсынылған.


А қосымшасында техникалық қолдау туралы ақпарат беріледі. Көмекке жүгінбес бұрын "Ақаулықтарды іздеу және жою" деген А Қосымшасын оқып шығуыңызды сұраймыз. В қосымшасы Сіздің сканеріңіздің ерекшелігін сипаттайды. С қосымшасы шектеулі жауапкершілік туралы ақпаратты және федералды қ радиожиіліктер жөніндегі байланыс комиссиясының ережесін қамтиды.

Пайдаланылатын пиктограммалар

Қалың қаріппен	маңызды ақпарат немесе осы тарауда алғаш рет пайдаланылатын термин бөліп көрсетіледі.
[XXX]	пәрмендерді немесе монитордың экранында пайда болатын мәтінді ұсыну үшін қызмет етеді

Белгішелерді пайдалану

Нұсқаулықта ерекше назар алуға тұрарлық тармақтарды белгілейтін мынадай пиктограммалар пайдаланылады.

 Қауіптілік	Қауіптілік: Сканер зақымдалмас үшін немесе жазатайым оқиға болмас үшін, бұл рәсімді айрықша дәлдікпен және сақтықпен жүргізу қажет.
 Алдын ала сақтандыру	Алдын ала сақтандыру: Сканерді абайсыз пайдаланған кезде бұл рәсім деректердің жоғалуына немесе сканердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
 Назар аударыңыз	Айрықша назар аударыңыз: Жұмысты жеңілдететін және қателерді болдырмайтын нұсқаулар.

Сақтық шаралары

Сканерді абайсыз пайдаланған кезде бұл рәсім деректердің жоғалуына немесе сканердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

1. Өнім орынжайдың ішінде құрғақ жерде пайдалануға арналған. Мынадай жағдайларда құрылғының ішінде ылғал конденсацияланып ақаулықтар тудыруы мүмкін:

- құрылғыны суық жерден жылы орынға жылдам көшірген кезде;
- суық бөлмеде температура көтерілгеннен кейін;
- құрылғыны ылғалды орынжайда сақтаған кезде.

Ылғалдың конденсациялануын болдырмау үшін, мынадай рәсімді орындау ұсынылады:

- а. Құрылғыны бөлме жағдайларына бейімдеу үшін оны полиэтилен пакетке қымтап қаптаңыз.

- б. Құрылғыны пакеттен шығармас бұрын 1-2 сағат күтіңіз.
2. Жиынтыққа кіретін USB кабелін пайдалану қажет. Басқа кабельді пайдалану жарамсыздыққа әкелуі мүмкін.
 3. Сканерге шаң түсуіне жол бермеңіз. Құрылғының шаң бөлшектері. Егер сканер пайдаланылмайтын болса, оны қапқа салып қойыңыз.
 4. Сканерді діріл әсеріне ұшыратпаңыз, нәзік компоненттер оңай зақымдалуы мүмкін.
 5. Егер құрылғы белгілі бір уақыт аралығында, мысалы, түнде немесе демалыс күндері пайдаланылмайтын болса, өрт қаупін болдырмау үшін баусымын желіден суырып қойыңыз.
 6. Сканерді өзіңіз бөлшектеуге тырыспаңыз. Бұл электр тоғымен зақымдануға әкелуі мүмкін және кепілді қызметтен айырыласыз.
 7. Сканерді соқпаңыз, ұрмаңыз, өйткені ол өте нәзік жабдық әрі оңай сынуы мүмкін.
 8. Драйверді орнатар алдында кескіндерді өңдеудің барлық басқа құрылғыларын (сканерлерді, принтерлерді, цифрлық камераларды және т.б.) сөндіріп қойыңыз.
 9. Орнату дискісін және SilverFast программасы бар дискіні сақтап қойыңыз. Болашақта Сізге драйверді немесе программалық қамтымды қайта орнату керек болуы мүмкін.
 10. Үлдір мен негативтермен жұмысты бастамас бұрын қолыңыздың таза екеніне көз жеткізіңіз. Егер Сіз үлдірде немесе негативтерде ластануларды немесе шаңды байқасаңыз, оларды абразивті емес таза матамен ақырын сүртіп алыңыз.
 11. Слайдтар мен негативтерді құрғақ салқын жерде тікелей күн сәулесінен жырақ сақтаңыз. Дұрыс сақтамау және ұқыпсыз пайдалану материалдар сапасының күрт нашарлауына әкелуі және сканерлеу нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.

Компьютердің аппараттық құралдарына қойылатын талаптар¹

Windows


- Процессоры 2 GHz немесе одан жоғары
- Жедел жады: 2 Гб (4 Гб ұсынылады)
- Қатқыл диск: 10 Гб
- CD/DVD-ROM немесе Интернетке қосылу
- USB 2.0 қолдау
- Microsoft Windows 7 / 8 / 10

Macintosh

- Процессоры 2 GHz немесе одан жоғары (INTEL CPU, NO PowerPC негізінде)
- Жедел жады: 2 Гб (4 Гб ұсынылады)
- Қатқыл диск: 10 Гб
- DVD-ROM немесе Интернетке қосылу
- USB 2.0 қолдау
- Mac OS X 10.7 / 10.8 / 10.9 / 10.10 / 10.11 / 10.12 / 10.13 / 10.14 / 10.15

¹ Бұдан жоғары талаптар үлкен көлемдегі материалмен жұмыс істеген кезде қажет болуы мүмкін. Осы нұсқаулықта көрсетілген талаптар жалпы нұсқау болып табылады, өйткені компьютер (аналық тақша, процессор, қатқыл диск, жад, видеокарта) неғұрлым жақсы болса, нәтижесі соғұрлым жақсы болады.

Жеткізу жиынтығы²



- ❶ Сканер
- ❷ Қорғаныш қап
- ❸ Жақтаулы слайдтар ұстағышы және үлдірлер ұстағышы
- ❹ USB кабелі
- ❺ A/C кабелі
- ❻ Сканерді орнату программасы
- ❼ LaserSoft SilverFast программасы бар диск және сериялық нөмірі
- ❽ Орнату дискісі
- ❾ IT-8 35 мм калибрлеу нысанасы (сканерлердің барлық модельдерінде бола бермейді)



**Назар
аударыңыз**

SilverFast сериялық нөмірі диск қорапшасының алдыңғы бөлігінде жазылып тұрады.



² Сканерді кейін тасымалдау үшін қорапты және барлық қаптау материалдарын сақтап қойыңыз. Қаптаманы қайта пайдалануға болады.

Сканердің бөліктері



- ❶ **Үлдірлер ұстағыштарына арналған тесік:** Үлдірлер ұстағышын сканерге шаңнан қорғайтын қақпағы жағынан орнатыңыз. Үлдірлер ұстағышын кез келген жағымен орнатуға болады. Үлдірлер ұстағышының бүйірлік бағыттауыштарындағы тесіктер кадрларды көрсетеді.
- ❷ **"Power" жарықдиодтық индикаторы:** сканердің қосылып немесе сөніп тұрғанын көрсетіп тұрады.

Шам	Статус
Қосулы	Сканер қосулы және жұмысқа дайын.
Өшірулі	Сканер өшірулі. Не қуат беру батырмасы қосылмағандықтан, не қуат беру адаптері ағытпаға толық сұғылмағандықтан.


- ❸ **IntelliScan батырмасы:** Осы батырманы SiverFast программасын іске қосу үшін басыңыз.
- ❹ **QuickScan батырмасы:** Батырманы ұйғарылған сканерлеу тапсырмасын орындау үшін баса аласыз.
- ❺ **Қуат сөндіргіш:** Сканерді қосу және сөндіру үшін пайдаланылады.



- ❻ **Сериялық нөмірі бар жапсырма:** сканердің артқы панелінде орналасқан. Бұл ақпарат сізге кейіннен дилерге немесе компаниямыздың сервис орталығына жүгінген кезде керек болуы мүмкін.
- ❼ **Электр қуат беру ұясы:** жиынтыққа кіретін қуат беру блогының көмегімен сканерді айнымалы тоқ электр желісінің стандартты розеткасына қосады.
- ❽ **USB порты:** сканер жиынтығына кіретін USB кабелінің көмегімен сканерді компьютеріңіздің USB портына қосады.

Үлдірлер ұстағыштары


Сканердің жеткізу жиынтығына екі дана үлдір ұстағыш кіреді. Олар сканерлеу нәтижелерінің дәлдігіне кепілдік береді.



- А. 35 мм жақтауға салынған слайдтарды сканерлеу үшін (макс. 4 слайд)
- В. 35 мм диафильмдерді сканерлеу үшін (макс. 6 кадр)


Жақтаулы слайдтар ұстағышын пайдалану

Жақтаулы слайдтарды слоттарға жарық сезгіш эмульсиясы бар жағын (күңгірт жағын) төмен қаратып салыңыз. Әр слоттың жақтауында бағыттауыштар мен суреттер салынған. Жақтаулы слайдтарды орнату жөніндегі нұқсауларды



Үлдірлер ұстағышын пайдалану


Үлдірді үлдір ұстағышқа жарық сезгіш эмульсиясы бар күңгірт жағын төмен қаратып орналастырыңыз, содан кейін үлдір ұстағышының қаппағын жабыңыз





**Назар
аударыңыз**

- Тиісті сканерлеу нәтижелерін алу үшін үлдірді әрқашан кескіннің жоғарғы жағын сканердің артқы бөлігіне (қуат жарық сезгіш эмульсиясы бар жағын (күңгірт жағын) төмен қаратып орналастырыңыз.
- Үлдірдің төменгі және жоғарғы бөліктерінде мәтін бар. Мысалы, өндіруші, кадрлар саны, үлдірдің кодтары, партия нөмірі және т.б. Үлдір жоғарыда сипатталғандай дұрыс қойылған кезде, мәтін оңай оқылатын болуы тиіс (мәтін оқылу бағытына қарсы орналаспауы және аударылып тұрмауы тиіс).



Энергия үнемдеу

Энергия тұтынуды азайту үшін, сканерлеу процесі аяқталғаннан кейін шам автоматты түрде өшеді.

Пайдалану және қызмет көрсету



**Алдын ала с
ақтандыру**

Сканеріңіздің ақаусыз жұмысын қолдау үшін мынадай пайдалы ақпаратпен танысыңыз.

- Сканер жұмыс істейтін бөлме шаң болмауына көңіл бөліңіз. Егер аппарат пайдаланылмай тұрса - оны жабық күйінде ұстаңыз. Сканердің ішіне шаң мен басқа бөлшектердің түсуі оның бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Сканерді бөлшектеуге тырыспаңыз. Электр тоғының соғу қаупі бар, сондай-ақ сканерді бөлшектеу кепілдік күшінің жойылуына әкеледі.
- Сканердің шамадан тыс дірілдеуіне жол бермеңіз. Бұл сканердің ішкі компоненттеріне зиян келтіруі мүмкін.

I тарау.

Plustek сканерін қосу

Сканерді орнатар алдында нұсқаулықтағы тізім бойынша барлық компоненттерінің бар екеніне көз жеткізіңіз. Компоненттер тізбесі «Қораптың

Программалық қамтымды қосуға қойылатын талаптар

Сканерге оған арналған программалар, драйверлер және QuickScan/SilverFast қоса беріледі. Mac X операциялық жүйесімен үйлесімді SilverFast программасын ғана орнату қажет. Қалған программалық қолданбалар Mac X ОЖ-мен үйлесімді емес. Программалық қамтымды орнату және сканермен жұмыс істеу үшін кемінде 10 Гб дискілік кеңістік керек.

Аппараттық құралдарға қойылатын талаптар

Сканер компьютерге hot Plug and Play қолдайтын Universal Serial Bus (USB-порт) арқылы қосылады. Байқасаңыз, кейбір компьютерлерде USB-порт мониторда немесе пернетақтада болуы мүмкін. Егер Сізде USB-портқа қатысты проблемалар туындаса, компьютеріңіздің нұсқаулығына жүгініңіз.


Егер компьютеріңізде USB-порт болмаса, USB-интерфейс сатып алуыңыз қажет.

Windows үшін орнату

Сканерді орнату және қосу


USB сканерін орнату үшін қадамдық нұсқауларды орындаңыз.

1-қадам. Сканерді компьютерге қосу




- ❶ Электр қуат беру сымын сканерге жалғаңыз.
- ❷ Сымның екінші ұшын розеткаға сұғыңыз.
- ❸ USB-сымның шаршы ұшы
- ❹ Кабельдің тікбұрышты ұшын компьютердің артқы панеліндегі USB портына қосыңыз.

2-қадам. Программалық қамтымды орнату




1. Сканермен бірге жеткізілетін дискіні компьютеріңіздің диск жетегіне салыңыз. Пайда болған терезеде [Авто іске қосу] [install.exe орындау] басыңыз.




2. Егер [Пайдаланушылардың есептік жазбаларын бақылау] диалогы пайда болса, [Иә] басыңыз.

Егер [Орнату шебері] терезесі пайда болса, [Әрі қарай] басып, Windows



3. Әрі қарай орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.




4. Программалық қамтымды орнатқаннан кейін барлық қосымшаларды жауып, компьютерді

Егер орнату сәтті орындалса, жаңа QuickScan  белгішесін көресіз. Windows міндеттер панелінде орналасқан QuickScan  белгішесі барлық программалық қосымшалардың іске қосылғанын, және сканер мен компьютердің бір-бірімен қосылғанын көрсетеді.


Кескін	Статус
	QuickScan программасы сәтті қосылды, сканер компьютерге қосылды және сканерлеуге дайын.
	Сканер компьютерге қосылмаған. Немесе сканердің қуат беру батырмасы қосылмаған.
Кескін жоқ	Сіз QuickScan программасын үзуді таңдадыңыз, сканеріңіздің компьютерге қосылғаны не қосылмағаны маңызды емес.

 Назар аударыңыз	Сканер қосылғаннан кейін, мониторда пайда болатын Windows 8 / 10 орнату нұсқауларын орындаңыз.
---	--


Программалық қамтымды қолмен орнату тәсілі




1. Сканермен бірге жеткізілетін CD-ROM салыңыз. Пайда болған терезеде [Авто іске қосу] [install.exe орындау] басыңыз. Егер орнату автоматты түрде басталмаса, CD-ROM диск жетегін тексеріңіз және [install.exe] файлын қолмен іске қосыңыз. Егер [Пайдаланушылардың есептік жазбаларын бақылау] пайда болса [Иә] батырмасын басыңыз. Пайда болған орнату бойынша хабарламадағы нұсқауды орындаңыз.




2. [Құрылғылар диспетчері] терезесінде тінтуірдің оң батырмасымен [Басқа құрылғылар] тармағын басып, пайда болған мәзірден [Драйверлерді жаңарту] таңдаңыз. Пайда болған терезеден [Осы компьютерде драйверлерді іздеуді орындау] таңдап, [Шолу] батырмасын басыңыз.



3. [Папкаларға шолу] терезесінен сканерге арналған драйвер бар папканы немесе CD-ROM-ды таңдаңыз және алдыңғы экранға оралу үшін [OK] батырмасын басыңыз.



4. Әрі қарай орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



5. Программалық қамтым орнатылғаннан кейін барлық қосымшаларды жауып, компьютерді қайта жүктеу үшін [Дайын] басыңыз.

Программалық қамтымды орнату кезінде ақаулықтарды жою

Осы нұсқаулықта және сканердің жеткізу жиынтығындағы орнату жөніндегі қысқаша нұсқаулықта ұсынылатын әрекеттерді мұқият оқып шығыңыз.


Егер бұл проблемаларды шешуге көмектеспесе, мыналарды тексеріңіз:

- Қатқыл дискіде 10 Гб бос кеңістік болуын.
- Сканердің қосылып тұрғанын және оған қуат беріліп тұрғанын.
- Сканердің жеткізу жиынтығымен бірге келген USB сымы пайдаланылатынын.
- USB сымының шаршы ағытпасы бар ұшы сканердің артқы панеліне, ал екінші ұшы - компьютердің артқы панеліне қосылғанын.


Егер сіз осы нұсқаулықтағы рәсімдерді ұстанбаған болсаңыз, USB сымын сканерден ажыратып, компакт дискіден программалық қамтымды қайта орнатыңыз. Қайта орнату үшін [Іске қосу] мәзірінде, әрі қарай [Орындау] тармағын таңдаңыз да [D:\Install] енгізіңіз (мұнда D - компакт-дискілердің диск жетегін білдіреді). Орнату шеберінің нұсқауларын дәл орындаңыз. Сұралған кезде компьютерді қайта жүктеңіз және компьютер қосылған кезде USB сымын сканерге қайтадан қосыңыз.

Windows үшін SilverFast программалық қамтымын орнату


Сканеріңіздің жеткізу жиынтығына SilverFast заманауи программалық қамтымы кіреді. SilverFast ПҚ бар дискіні оптикалық жетекке салып, орнату көмекшісін іске қосу үшін [xxxx.exe орындау] басыңыз. Содан кейін программалық қосымшаны орнату үшін суретте көрсетілгендерді орындаңыз:




1. Монитордағы нұқсауларды орындаңыз. Қанатша белгісімен [I accept the terms of the License Agreement - Мен лицензиялық келісімнің шарттарын қабылдаймын] белгілеңіз де жалғастыру үшін [Next - Әрі қарай] басыңыз.



2. Тиісті чекбоксарды қанатша белгісімен белгілеп, орнатылатын компоненттерді таңдаңыз. Содан кейін жалғастыру үшін [Next - әрі қарай] басыңыз.




3. Егер қосымшаны басқа папкаға орнатқыңыз келсе, [Destination Folder - тағайындау папкасы] өрісінде дәл жолын көрсетіңіз, немесе қажетті папканы таңдау үшін [Browse - шолу] басыңыз. Содан кейін жалғастыру үшін [Install - орнату] басыңыз.




4. Ойнату процесі аяқталғаннан кейін, орындағыңыз келетін опцияны іске қосыңыз, содан кейін ойнатушыдан шығу үшін [Finish - аяқтау] басыңыз.



5. 5. Жұмыс үстеліндегі SilverFast таңбашасын пайдалана отырып, SilverFast программасын іске қосыңыз. [ImageSource - кескін көзі] және [Language selection - тілді таңдау] тексеріңіз, содан кейін программаны іске қосу үшін [Start - бастау] басыңыз.



6. Программа іске қосылған кезде, өз [Firstname - атыңызды], [Last name - тегіңізді] және [Serial number - сериялық нөмірді] енгізіңіз, содан кейін SilverFast бұғаттан шығару үшін [Unlock - бұғаттан шығару] басыңыз. Программа бұғаттан шығарылмайынша, SilverFast дискісін компьютерден шығармаңыз. SilverFast программасының сериялық нөмірі диск қорапшасының алдыңғы бөлігінде жазылып тұрады.




7. Программаның іске қосылуын күтіңіз. SilverFast программасының басты интерфейсінің түрі мынадай.


Mac X ОЖ үшін орнату

 Назар аударыңыз	Mac ОЖ үшін сканерді орнатқан кезде, Сізге қосымша драйверлерді орнату қажет болмайды. Сканердің драйверлері оның орнатылуын да қамтиды.
---	--


Сканеріңіздің жеткізу жиынтығына заманауи SilverFast программалық қамтымы кіреді. SilverFast программасы бар дискіні оптикалық жетекке салыңыз да орнату шеберін іске қосу үшін [SilverFast Install] екі рет басыңыз. Содан кейін қосымшаны орнату бойынша суретті нұсқауларды орындаңыз:




1. онитордағы нұқсаулықтарды орындаңыз. Егер қажет болса, пайдаланушы келісімінің шарттарына келісіңіз, бұл үшін [Растаймын] дегенді басыңыз.



2. рнату процесін бастау үшін [Орнату] басыңыз.




3. Жүйенің тиісті сұрауы келіп түскен кезде, пайдаланушының [Құпиясөзін] енгізіңіз және жалғастыру үшін




4. Орнату процесі аяқталғаннан кейін орнатушыдан шығу үшін [Жабу] дегенді басыңыз.



5. Жұмыс үстеліндегі SilverFast таңбашасын пайдалана отырып, SilverFast программасын іске қосыңыз. [ImageSource - кескін көзі] және [Language selection - тілді таңдау] тексеріңіз, содан кейін программаны іске қосу үшін [Start - бастау] басыңыз.



6. Программа іске қосылған кезде, өз [Firstname - атыңызды], [Last name - тегіңізді] және [Serial number - сериялық нөмірді] енгізіңіз, содан кейін SilverFast бұғаттан шығару үшін [Unlock - бұғаттан шығару] басыңыз. Программа бұғаттан шығарылмағанша, SilverFast дискісін компьютерде қалдырыңыз. SilverFast программасының сериялық нөмірі диск қорапшасының алдыңғы бөлігінде жазылып тұрады.



7. Программаның іске қосылуын күтіңіз. SilverFast программасының басты интерфейсінің түрі мынадай.

II тарау.

Сканермен жұмыс істеу

Сіздің сканеріңіз 35 мм слайдтар мен негативтермен жұмыс істейді. Кейбір программалардың, дегенмен, белгілі бір деректерді өңдеу бойынша шектеулері бар. Компьютеріңіздің жад көлемі мен қатқыл дискідегі орын да сканерленетін құжаттың физикалық өлшемдерін шектеуі мүмкін.



Сканерді басқарудың бірнеше тәсілі бар:

- ❶ IntelliScan батырмасын басыу арқылы SilverFast программасын іске қосуды пайдалана отырып. Осы дербес программа Сізге сканерлеудің кеңейтілген функционалдық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Толығырақ ақпарат алу үшін SilverFast программасын пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз.
- ❷ QuickScan батырмасын басыу арқылы QuickScan программалық қосымшасының функционалын пайдалана отырып. QuickScan программасы сканердің программалық қамтымы ретінде автоматты түрде орнатылған.

Кескіндерді редакциялау программасы сканердің жеткізу жиынтығына кіреді және орнату дискісінде орналасқан. Бұл программа алуан түрлі сүзгілерді, құралдар мен әсерлерді пайдалана отырып, алынған кескіндерді түзетуге мүмкіндік береді.

QuickScan программасы - бұл Сізге кескіндерді редакциялайтын қосымшаларды пайдаланбай-ақ кескіндерді сканерлеуге мүмкіндік беретін программа.

Егер QuickScan программасының теңшелімдері мен сипаттамалары бойынша толығырақ ақпарат алғыңыз келсе, онлайн көмекке жүгініңіз (бұл үшін Windows міндеттер панелінде  белгішесі жанында орналасқан QuickScan белгішесін басып, Көмек опциясын таңдау қажет)



**Назар
аударыңыз**

IntelliScan және QuickScan батырмаларын тек Windows ОЖ-нде ғана пайдалануға болады.

IntelliScan батырмасын пайдалану

IntelliScan батырмасы шаң мен сызаттарды жою, шуылды жою, негативтерді оңтайландыру және т.б. сияқты функцияларды іске асыруға мүмкіндік беретін SilverFast программасын іске қосу мүмкіндігін береді.

 Назар аударыңыз	Қосымша ақпаратты SilverFast пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
--	---


IntelliScan батырмасын пайдалану

QuickScan батырмасы кескіндерді ыңғайлы сканерлеу, және оларды альбомға автоматты түрде сақтау мүмкіндігін береді. Бар болғаны сканердің алдыңғы панеліндегі QuickScan батырмасын басыңыз, осыдан кейін ол диапозитивтер мен негативтерді сканерлеуді бастайды. QuickScan батырмасы арқылы алғашқы сканерлеуді орындамас бұрын, талаптарыңызға сәйкес келетін теңшелімдерді орындау ұсынылады.


QuickScan теңшелімдері және алдын ала қарау терезесінің сипаттамалары

Параметрлер теңшелімдері

Windows жүйелік аймағында QuickScan программасының  белгішесін екі рет басыңыз, содан кейін ашылған қалқыма мәзірден [Қасиеттер] тармағын таңдаңыз.



- [Түпнұсқа] (сканерленетін материалды), [Тағайындау] (сақтау немесе өңдеу үшін кейінгі өңдеу программасын), [Файл форматы] (сақтау форматын), [Мақсатты папка] (файлды сақтау жолы) және [Файл атының префиксі] (үлдірдің атын және ретімен сканерлеу үшін 0000-ден бастап 4 цифрдан тұратын белгіленімін) таңдаңыз.
- [Алдын ала қарау] терезесінің [Қосу] және (немесе) [Растау] жалаушаларын орнатыңыз.
- [Автоматты өңдеу] параметрлерін таңдаңыз.
Назар аударыңыз, [Түсті жақсарту] функциясы тек [Негатив] режимінде ғана қолжетімді. [Түсті іріктеу] функциясы тек [Мөлдір түпнұсқа] режимінде ғана қолжетімді. [Автотығыздық] функциясы [Мөлдір түпнұсқа] және [Негатив] режимдерінде қолжетімді.
Түстерді өңдеудің әртүрлі тәсілдерінен [Автотығыздық] және [Түсті іріктеу] функциялары бір мезгілде пайдаланылмайды.
[Автосұлба] функциясы [Автотығыздық] жалаушасын орнатқан кезде автоматты түрде қолданылады.
- Сканерлеу параметрлерін таңдаңыз.
[Режим], [Рұқсат], [Сүзгі], [Жарықтық], [Кереғарлық] және [Кескін Гаммасы] параметрлерін өзгерту қолжетімді.
- Стандартты теңшелімдерді қалпына келтіру үшін [Әдепкі қалпы бойынша] батырмасын басыңыз.
- Теңшелімдерді сақтау және QuickScan теңшелімдері терезесінен шығу үшін [Жабу] батырмасын басыңыз.



Сканерлеудің маңызды теншелімдері

❶ Арналуы

Мәзірге мынадай функциялар кіреді: File, Page Manager, Photoshop, олар сканерленген кескіндерді кейіннен өндеуге арналған программалық қамтымның түрін анықтауға мүмкіндік береді.

❷ Автосұлба

Егер бұл батырма белгіленген болса, QuickScan программасы сканерленетін кескіннің өлшемдерін анықтайды да оны барлық бұрыштарынан кесіп береді. Кесілген кескін шаршы немесе тікбұрыш пішінге ие болады.

③ Автотығыздық

Егер бұл батырма белгіленген болса, кескінді неғұрлым анық ету үшін гистограмма автоматты түрде теңшеледі. Бұл түстер реңктерінің айырмашылығын арттыру арқылы жүзеге асырылады.

Бұл функция [Позитив] сканерлеу режимі үшін де, [Негатив] сканерлеу режимі үшін де қолжетімді.

④ Түсті жақсарту

Бұл функция Көк пен Жасылдың толық сәуле әсері тимеген арналарын өтейді.

Егер бұл функция белсенді болса, сканерлеу уақыты айтарлықтай ұлғаяды.

Бұл функция тек [Негативті] сканерлеу режимінде қолжетімді.

⑤ Түсті іріктеу

Бұл функция бастапқы файлдар мен шыққан кескіндердің түстерін ретімен басқару үшін түстерді іріктеу техникасын қамтамасыз етеді.

Бұл функция тек [Позитив] сканерлеу режимінде қолжетімді.



**Назар
аударыңыз**

Түстерді өңдеудің әдістері әртүрлі болғанынан, [Автотығыздық] және [Түсті іріктеу] функциялары бір мезгілде қолданыла алмайды. Егер [Автотығыздық] функциясы белсенді болса, [Түсті іріктеу] функциясы таңдауға қолжетімсіз болады. Және керісінше, егер [Түсті іріктеу] функциясы таңдалған болса, [Автотығыздық] функциясы қолжетімсіздік статусында болады.

⑥ Үлгілер жиыны

Жылдам сканерлеу үшін Quality Mode болдырмай, [Үлгілер жиынын] өткізіп жіберіңіз.

Шуылды азайту үшін, [Үлгілер жиыны] функциясы төрт сканерлеу жасайды және, әр сканерленгеннен кейін шуылды тарату диаграммасы өзгертіндіктен, кескін осының нәтижесінде орташаланып, шуыл бейтараптанады.

⑦ Кескін гаммасы.


Кескін гаммасы сканерленетін кескіннің түстерін түзету үшін пайдаланылады. [Кескін гаммасын] теңшей отырып, таңдалған түстер арнасының түстер градациясын өзгерте аласыз. [Кескін гаммасы] мәнін өзгерту, ең алдымен, түстің жарықтығына әсер етеді. [Кескін гаммасы] мәні неғұрлым үлкен болса, түстер соғұрлым ашық болады.

⑧ Әдепкі қалпы бойынша

Осы батырманы басқанда, барлық теңшелімдер арылып әдепкі мәні қойылатын болады.

Алдын ала қарау терезесі

Осы терезенің теңшелімдерін – алдын ала қарау терезесінің [Қосу] және [Растау] жалаушалары орнатылған кезде ғана өзгертуге болады. QuickScan батырмасын бассаңыз терезе ашылады.



1 Сканерлеу түпнұсқасы – сканерге кескінді сканерлеу үшін пайдаланғыңыз келетін әдісті хабарлайды.

- **Позитив** – диапозитивтерді сканерлеу үшін пайдаланылады.
- **Негатив** – негативтерді сканерлеу үшін пайдаланылады.



2 Сканерлеу режимі – сканерге сканерленетін құжаттың түрін хабарлайды. Таңдау үшін 3 опция бар:

- **8-bitСұр** – сұр түстің 256 реңкімен сканерлейді, қара/ақ кескіндер шығады.
- **16-bitСұр** – сұр түстің 65,000-нан аса реңкпен сканерлейді, қара/ақ кескіндерді неғұрлым шынайы етеді.
- **24-bitТүрлі-түсті** – миллион түрлі реңкпен сканерлейді. Бұл режимді түрлі-түсті слайдтар мен негативтерді сканерлеу үшін таңдаңыз.
- **48-bitТүрлі-түсті** – кәсіби кескіндерді алу үшін миллиард түрлі реңкпен сканерлейді.



③ Ажыратымдылық – ажыратымдылық дюймге шаққандағы нүктелер санымен өлшенеді. (dpi). Ажыратымдылығы неғұрлым жоғары болса, кескін соғұрлым анық болады,



④ Сүзгі – сүзгілер айқындық қосып, қолайсыз бұрмалауларды жоюға мүмкіндік бере отырып, сканерленген кескіндерді жақсартуға көмектеседі.

Кескін

Орташа: Кескіннің орташа тереңдігін айқындайды және шектес пиксельдерді орташалайды, сол арқылы кескіннің қарқындылығын азайтады.

Көмескілеу: Кескіннің бұрыштарын көмескілейді және қошкыл бұрыштарды ақшыл, ал ақшыл бұрыштарды қошкыл етіп, түстер кереғарлығын азайтады.

Көбірек көмескілендіру: Қосымша көмескілік береді.

Айқынырақ: Кескіннің бұрыштарын анық ете отырып, кескіннің айқындығын арттыруға мүмкіндік береді. Осы сүзгі қошкыл бұрыштарды одан да қошкыл етіп, ал жанасып тұрған аймақтарды ашықтау етіп кереғарлықты арттырады.

Неғұрлым анық ету: Қосымша анық етеді.

Анықтығын азайту: Бұлдырлықты жоя отырып, кескін бұрыштарының айқындығын арттырады.



⑤ Жарықтық – Бұл құжатты сканерлеген сәтте оған шоғырланатын жарық көлемі.



⑥ Кереғарлық – орташа реңктердің мәндерін азайта отырып және жоғары және төмен реңктердің мәндерін арттыра отырып, реңк диапазонын теңшейді.



⑦ Сканерлеу – ағымдағы теңшелімдерді пайдалана отырып диапозитивтер мен негативтерді сканерлеу және сақтау



⑧ **Алдын ала қарау** – алдын ала қарау мақсатында диапозитивтерді немесе негативтерді алдын ала сканерлеу.



⑨ **Болдырмау** – программадан шығу



⑩ **Кіріктірілген анықтама** – кіріктірілген анықтаманы ашу.

III тарау. Сканерлеу негіздері

QuickScan программасы күрделі пайдаланушы интерфейсін пайдаланбай немесе қосымша теңшелімдер жасамай, жақтауға біріктірілген слайдтарды және үлдір кесінділерін жылдам ретімен сканерлеуге мүмкіндік береді.


1-қадам. Сканерді қосу

USB кабелінің және қуат беру сымының сканерге дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Power (қуат беру) батырмасын басып сканерді қосыңыз. Қуат беру индикациясының жарық диоды аппараттың қосылғанын білдіріп, автоматты түрде жанады.




2-қадам. Үлдірді ұстағышқа орналастыру

Үлдірлеріңізді сканерлеу және қорғау үшін жиынтыққа кіретін жақтаулар мен үлдір ұстағыштарын пайдалануыңызды сұраймыз. Толығырақ ақпаратты «Үлдірлер ұстағыштары» бөлімінен табуға болады.





3-қадам. Үлдірді ұстағышқа орнату

Үлдірлер ұстағышын сканерге шаңнан қорғайтын қақпағы жағынан орнатыңыз. Үлдірлер ұстағышын кез келген жағымен орнатуға болады. Үлдірлер ұстағышының бүйірлік бағыттауыштарындағы тесіктер кадрларды көрсетеді. Үлдірлер ұстағышын орнату және шығару үшін сканердің екі жағынан 40 см бос кеңістік қалдыру қажет.



Назар аударыңыз

- Ұстағыш Сізге көрсеткіш күйінде тоқтап қалған болып көрінуі мүмкін. Алайда сканерлеу процесін бастамас бұрын жақтауды алға және артқа қарай ақырын жылжытып көріңіз, және оның дұрыс күйінде орналасқанына көз
- Үлдірлер ұстағышының жоғарғы бөлігінде «Mounted Slide Holder» (Жақтаулы слайдтар ұстағышы) немесе «Filmstrip Holder» (Үлдірлер ұстағышы) деп көрсетілген. Тиісті сканерлеу нәтижелерін алу үшін ұстағышты үнемі осы жағын жоғары қаратып ұстаңыз.



- Үлдірлер ұстағышын сканерге бірқалыпты салу қажет. Күш салмаңыз.


4-қадам. QuickScan батырмасын басыңыз.

Сапалы сканерлеу нәтижелерін алу үшін үлдірлердің жақтаулы ұстағышы көрсеткіш күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз. Сканерлеу процесін бастау үшін QuickScan батырмасын басыңыз.




5-қадам. QuickScan программасы теңшелімдерінің конфигурациясы

Егер QuickScan программасының теңшелімдер бөлімінің [Алдын ала қарау] терезесінен [Қосу] және [Растау] таңдасаңыз, алдын ала қарау терезесі пайда болады, мұнда Сіз өз қалауыңыз бойынша бірқатар теңшелімдерді өзгерте аласыз. Қолжетімді теңшелімдер туралы толығырақ ақпаратты «II тарау. Алдын ала қарау терезесі» бөлімінен табуға болады.



6-қадам. Сканерлеу процесін аяқтау

Барлық теңшелімдер Сізге қолайлы екенін растағаныңызбен, қорытынды сканерлеуді жүзеге асыру және кескінді қатқыл дискіде сақтау үшін [Сканерлеу] батырмасын басыңыз.



А қосымшасы: Ақаулықтарды іздеу

Сканерді қосу

Ақаулықтарды іздеуде алғашқы қадамыңыз – бұл сканеріңіздің барлық физикалық қосылыстарын тексеру. Windows міндеттер панелінде орналасқан QuickScan  белгішесі барлық программалық қосымшалардың іске қосылғанын, және сканер мен компьютердің бір-бірімен қосылғанын көрсетіп тұр.

Кескін	Статус
	QuickScan программасы сәтті қосылды, сканер компьютерге қосылды және сканерлеуге дайын.
	Сканер компьютерге қосылмаған, немесе сканердің қуат беру батырмасы қосылмаған.
Кескін жоқ	Сіз QuickScan программасын үзуді таңдадыңыз, сканеріңіздің компьютерге қосылғаны не қосылмағаны маңызды емес.

Егер Windows операциялық жүйесі сканерді таба алмаса, мынадай хабарлама пайда болады:



Егер бұл хабарламаны қайтадан көргіңіз келмесе:

- Пайда болған терезенің ішінде [Бұл хабарламаны ендігәрі көрсетпеу] қанатшамен белгілеп, [ОК] батырмасын бассаңыз болады.
- Windows міндеттер панелінде орналасқан QuickScan  белгішесін басыңыз. Қалқыма мәзірде [Ескертуге рұқсат беру] қанатша белгісін алып тастаңыз. Пайда болған мәтіндік терезеде [Жоқ] батырмасын басыңыз.



**Ерекше
назар
аударыңыз**

Егер бұл хабарламаны қайтадан алғыңыз келмесе, QuickScan  белгішесін басып, қалқыма мәзірде [Ескертуге рұқсат беру] хабарламасын қанатшамен белгілей аласыз. Пайда болған мәтіндік терезеде [Иә] батырмасын басыңыз.

Сканерлеу проблемалары

Мәселелердің көбі оңай шешіледі. Олардың ең жиі кездесетіндері төменде келтірілген тізімге енгізілген.

Проблема	Себебі мен Шешімі
Қате: «Scanner not Found» - сканер табылмады.	• USB сымы дұрыс қосылмаған Сканердің тиісті түрде қосылғанына көз жеткізіңіз. • USB сымы тым ұзын Сканерге қоса берілетін USB-сымды пайдаланыңыз. • Қуат беру сымы дұрыс қосылмаған АС адаптерінің розеткаға қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер сканер кернеу тұрақтандырғышына қосылып тұрса, кернеу тұрақтандырғышының да қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Windows жүйесі сканерді таппады 1) [Іске қосу] > [Басқару панелі] > [Жүйе] > [Құрылғылар диспетчері] ашыңыз 2) Тізімде [Кескіндерді өңдеу құрылғылары] арасында сканеріңіздің бар екенін тексеріңіз. Егер тізімде сканер болмаса, немесе құрылғы белгішесі леп белгісімен белгіленген болса, драйверді орнату үшін «Программалық қамтымды қолмен орнату» бөлімін қараңыз.

Құжаттың суреті экранда анық көрініп тұрған жоқ	• Видеорежим 256 түстен аз ажыратымдылыққа орнатылған Ажыратымдылықты бір пискелге 16 bits дейін (65536 түс) немесе одан жоғары арттыруға кеңес береміз.
Сканер өте баяу жұмыс істеп тұр	• Сіз бір мезгілде тым көп қосымшалармен жұмыс істеп отырсыз Компьютеріңіздегі басқа қосымшаларды жабыңыз. • Үлкен ажыратымдылықпен (DPI) сканерлеп тұрсыз Ажыратымдылықты азайтыңыз.
Кескін сканермен бірге жеткізілетін ПҚ терезесінде жақсы көрініп тұр, бірақ түрі нашар, немесе мен оны басқа программаға экспорттаймын.	• Кескіндермен жұмыс істеуге арналған әртүрлі программалар монитордың түстер гаммасының әртүрлі теңшелімдерін пайдаланады. Программалардың әрқайсысынан монитордың түстер гаммасының әртүрлі теңшелімдерін, олар сәйкес болатындай етіп өзгертіп көріңіз. Монитордың түстер гаммасын қалай теңшеу керек екенін білу үшін, программалардың әрқайсысына берілген анықтама файлын оқыңыз.
Кескін экранда жақсы көрінеді, бірақ басып шығарылған түрінде бұрмаланып шығады.	• Монитордың түстер гаммасы реттелмеген. 1) Монитор гаммасын 1.0 және 1.5 арасында өзгертіңіз. Монитордың түстер гаммасын қалай теңшеу керек екенін білу үшін, анықтама файлын оқыңыз. 2) Сканерлеу алдында TWAIN терезесінен ашықтықты теңшеңіз. • Принтердің ашықтығы теңшелмеген. Принтердің ашықтығын теңшеңіз. Кейбір принтерлер ашықтық теңшелімдерін өзгертуге мүмкіндік береді. Принтеріңіздің құжаттамасымен танысып алыңыз.
Әр сканерлеу басында шықырлаған дыбыс пайда болады.	• Сканерлеу алдында сканер инициалданады және белгілі бір механизмдерді іске қосады. Бұл дыбыс жұмыс істеп тұрған сканер үшін табиғи болып табылады.

Қате :A. -Disk is full- Диск толып кеткен.	• Компьютердің ресурстары шектелген. Компьютердің қатқыл дискісінде кескін үшін жеткілікті көлемі жоқ. Бұл тым жоғары ажыратымдылықтың себебі болуы мүмкін. Қатқыл дискінің көлемін ұлғайтыңыз немесе аздау ажыратымдылықпен сканерлеңіз.
Қате: A -Disk I/O error-	• Дискіде орын жеткіліксіз Қатқыл дискіден орын босатыңыз. • Дискіде қателер болуы мүмкін. Scan Disk іске қосыңыз. Scan Disk утилитасын қалай іске қосатынын білу үшін компьютеріңіздің құжаттамасынан немесе Windows-та көмек алыңыз.

В қосымшасы: Ерекшеліктер 3

OpticFilm 8100	
Кескін бергіші	CCD
Жарық көзі	LED
Аппараттық ажыратымдылығы	7200 dpi
Сканерлеу режимдері	Түрлі-түсті: кіріс 48-бит; шығыс 24/48-бит Сұр реңктер: кіріс 16-бит; шығыс 8/16-бит Қара-ақ: 1-бит
Динамикалық диапазоны	3.6
Жұмыс жылдамдығы	3600 dpi: Шамамен 36 секунд (калибрлеуді қоспағанда) 7200 dpi: Шамамен 113 секунд (калибрлеуді қоспағанда)
Сканерлеу ауданы (Ені x Ұзындығы)	36.8 mm x 25.4 mm (1.45" x 1")
Қарау жылдамдығы	Негатив: Шамамен 8 секунд (калибрлеуді қоспағанда) Слайд: Шамамен 8 секунд (калибрлеуді қоспағанда)
Басқару батырмалары	IntelliScan, QuickScan
Энергияны тұтыну	15 Vdc / 1.0 A
Интерфейс	USB 2.0
Салмағы	1.6 Kgs (3.5 Lbs)
Өлшемдері (Ені x Тереңдігі x Биіктігі)	120 x 272 x 119 mm (4.73" x 10.7" x 4.7")

3 Ерекшелігі алдын ала мәлімдеусіз өзгертілуі мүмкін

OpticFilm 8200i SE	
Кескін бергіші	CCD
Жарық көзі	LED
Аппараттық ажыратымдылығы	7200 dpi
Сканерлеу режимдері	Түрлі-түсті: кіріс 48-бит; шығыс 24/48-бит Сұр реңктер: кіріс 16-бит; шығыс 8/16-бит Қара-ақ: 1-бит
Динамикалық диапазоны	3.6
IR	Қосулы
Жұмыс жылдамдығы	3600 dpi: Шамамен 36 секунд (калибрлеуді қоспағанда) 7200 dpi: Шамамен 113 секунд (калибрлеуді қоспағанда)
Сканерлеу ауданы (Ені x Ұзындығы)	36.8 mm x 25.4 mm (1.45" x 1")
Қарау жылдамдығы	Негатив: Шамамен 8 секунд (калибрлеуді қоспағанда) Слайд: Шамамен 8 секунд (калибрлеуді қоспағанда)
Басқару батырмалары	IntelliScan, QuickScan
Энергияны тұтыну	15 Vdc / 1.0 A
Интерфейс	USB 2.0
Салмағы	1.6 Kgs (3.5 Lbs)
Өлшемдері (Ені x Тереңдігі x Биіктігі)	120 x 272 x 119 mm (4.73" x 10.7" x 4.7")

OpticFilm 8200i Ai	
Кескін бергіші	CCD
Жарық көзі	LED
Аппараттық ажыратымдылығы	7200 dpi
Сканерлеу режимдері	Түрлі-түсті: кіріс 48-бит; шығыс 24/48-бит Сұр реңктер: кіріс 16-бит; шығыс 8/16-бит Қара-ақ: 1-бит
Динамикалық диапазоны	3.6
IR	Қосулы
Жұмыс жылдамдығы	3600 dpi: Шамамен 36 секунд (калибрлеуді қоспағанда) 7200 dpi: Шамамен 113 секунд (калибрлеуді қоспағанда)
Сканерлеу ауданы (Ені x Ұзындығы)	36.8 mm x 25.4 mm (1.45" x 1")
Қарау жылдамдығы	Негатив: Шамамен 8 секунд (калибрлеуді қоспағанда) Слайд: Шамамен 8 секунд (калибрлеуді қоспағанда)
IT8 Target	Түс жіберу дәлдігін арттыру үшін қосылған
Басқару батырмалары	IntelliScan, QuickScan
Энергияны тұтыну	15 Vdc / 1.0 A
Интерфейс	USB 2.0
Салмағы	1.6 Kgs (3.5 Lbs)
Өлшемдері (Ені x Тереңдігі x Биіктігі)	120 x 272 x 119 mm (4.73" x 10.7" x 4.7")

С қосымшасы: Сервис және кепілдік

Егер Сізде сканерге байланысты проблемалар туындаса, осы нұсқаулықты оқуыңызды сұраймыз.

Біздің www.plustek.com web-сайтымызға кіріп, барлық қажетті ақпаратты содан алыңыз. Әрі қарай кеңес алу үшін қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. Байланыс деректері біздің сайтта көрсетілген. Аппаратпен жұмыс істеген кезде қандай да бір проблемалар туындаса, өзіңіз сканерді сатып алған Plustek серіктесіне хабарласыңыз.

Бірақ ең алдымен қажетті ақпаратты дайындап қойыңыз:

- Сканердің атауы мен модельдің нөмірі
- Сканердің сериялық нөмірн (сканердің төменгі бөлігінде орналасқан)
- Проблеманың толық сипаттамасы
- Компьютер өндірушісінің атауы, компьютер моделінің нөмірі
- Процессордың жылдамдығы
- Ағымдағы операциялық жүйе мен BIOS
- Программалық қамтымның атауы, нұсқасы мен нөмірі, өндірушінің атауы
- Басқа қосылған USB-құрылғылар

Сервис пен қолдау көрсету туралы ақпарат

Қажет болса, Сіз қосалқы бөлшектердің қолжетімділігі мен олардың бар-жоғы туралы, сондай-ақ өнімнің жаңартулары бойынша қажетті ақпаратты ала аласыз. Барлық сұрақтар бойынша өзіңіздің жергілікті дистрибьюторыңызға жүгініңіз.

Егер Сізге энергияны сынау хаттамасын алу қажет болса, жергілікті жеткізушіңізге немесе дистрибьюторыңызға хабарласыңыз.

Өз дистрибьюторыңыздан немесе жеткізушіңізден қоршаған ортаға зиян келтірмейтін кәдеге жаратудың дұрыс тәсілдерін пайдалану жөнінде ақпарат алмайынша, өнімдерді кәдеге жаратпаңыз.

Егер өнімді немесе оның керек-жарағын кәдеге жаратқыңыз келсе, қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі ең жақын фабриканың орналасқан жері туралы ақпаратты алу үшін өз жеткізушіңізге немесе дистрибьюторыңызға хабарласыңыз.

Егер жабдыққа техникалық немесе профилактикалық жөндеу қажеттілігі туындаса, ең жақын сервис орталығының орналасқан жері туралы ақпарат алу

үшін өз жеткізушіңізге немесе дистрибьюторыңызға хабарласыңыз.

Егер өнімді ақаусыз және кейіннен қайта өңдеу үшін жарамды күйінде ұстағыңыз келсе, кеңес алу үшін жеткізушіңізге немесе дистрибьюторыңызға хабарласыңыз.

Шектеулі кепілдік туралы ереже

Осы кепілдік туралы ереже Сіз дербес пайдалану үшін осы аппаратты авторландырылған реселлерден сатып алған жағдайда жарамды болады.

Өндірушінің кепілдігі барлық жұмыс түрлерін қамтиды, және сатып алынғанын куәландыратын құжатсыз жарамды емес. Кепілді қызмет көрсетуді алу үшін авторландырылған дилермен немесе дистрибьютормен байланысу, web-сайтқа кіріп, барлық қажетті ақпаратты алу қажет.

Егер осы аппаратты басқа тұлғаға берсеңіз, оның да сатып алу фактісін растайтын құжатты көрсеткен кезде көрсетілген мерзім ішінде кепілді қызметтерді пайдалану құқығы болады.

Біз осы аппараттың жарамды екеніне кепілдік береміз және мұны тиісті құжаттамен растаймыз.

Аппаратты сервис қызметіне ұсынар алдында, қораптан сканерге қоса берілген барлық қосымша материалдарды шығару қажет.

Кепілді қызмет көрсету жазатайым оқиға, аппаратты дұрыс пайдаланбау, дұрыс сақталмау жағдайлары, тиісті емес программалық қамтымды орнату нәтижесінде туындаған зақымдануларды жоюды немесе аппаратты ауыстыруды болжамайды.

Егер бұл өнім опциялық сипаттама болып табылса, осы шектеулі кепілдік – өзі арналып әзірленген құрылғыда сипаттамасы пайдаланылатын болса ғана қолданылады.

Егер Сізде осы шектеулі кепілдікке қатысты сұрақтар туындаса, өзіңіз осы аппаратты сатып алған авторландырылған дилерге немесе тікелей өндірушінің өзіне хабарласыңыз.

ОСЫ КЕПІЛДІК ЕШҚАЙСЫСЫ ОСЫ КЕПІЛДІКТІҢ МЕРЗІМІ ӨТІП КЕТКЕН КЕЗДЕ ҚОЛДАНЫЛА АЛМАЙТЫН БАРЛЫҚ БАСҚА КЕПІЛДІК ТҮРЛЕРІН ЖОҚҚА ШЫҒАРАДЫ. АЛАЙДА КЕЙБІР ЗАҢДАР МІНДЕТТІ КЕПІЛДІКТІ АЛЫП ТАСТАУҒА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ. ЕГЕР БҰЛ ЗАҢ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БОЛСА, ОНДА БАРЛЫҚ ТІКЕЛЕЙ ЖӘНЕ МІНДЕТТІ КЕПІЛДІКТЕРДІҢ КЕПІЛДІК КЕЗЕҢІНЕ ШЕКТЕУЛЕР БОЛАДЫ. ОСЫ КЕЗЕҢНЕН КЕЙІН ЕШҚАНДАЙ БАСҚА КЕПІЛДІКТЕР ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.

Кейбір юрисдикциялар міндетті кепілдіктерді шектеуге жол бермейді, осылайша, жоғары айтылған ереже қолданылмауы мүмкін.

Мынадай жағдайларда біз ешқандай жауапкершілік алмаймыз:

- Үшінші тұлғалар оның жоғалғаны немесе зақымдалғаны үшін Сізге қарсы талап-арыз қозғаса.
- Жеке жазбаларыңыз бен деректеріңіздің жоғалғаны, зақымдалғаны үшін.
- Экономикалық жанама шығындар (пайда немесе жинақ ақшаның жоғалуын қоса алғанда) немесе кездейсоқ зақымданулар үшін, тіпті егер біз мұндай мүмкіндік туралы хабардар етілген болсақ та.

Кейбір юрисдикциялар кездейсоқ немесе жанама шығындардың жоққа шығарылуына немесе шектелуіне жол бермейді. Осылайша, жоғары айтылған ережелер Сізге қолданылмауы мүмкін.

Осы шектеулі кепілдік сізге белгілі бір заңды құқықтар береді. Сонымен қатар Сіздің тұратын аумағыңызға қарай, басқа да құқықтар болуы мүмкін.

Кепілді сервис алу үшін, Сіз:

- Авторландырылған дилерге немесе дистрибьюторға жүгіне аласыз.
- Біздің сайтқа кіріп, соңғы жаңартуларды тексере аласыз.
- E-mail арқылы сұрау жібере аласыз.

Федералдық Радиожиіліктер жөніндегі байланыс комиссиясының ережесі

Бұл жабдық мұқият сыналды және федералдық байланыс комиссиясы ережелерінің 15-бөлігіне сәйкес Б кластағы цифрлық құрылғыларға арналған нормаларға сәйкес келеді.

Бұл жабдық жоғары жиілікті энергияны шығарады, пайдаланады және сәулелендіруі мүмкін және, егер оны нұсқаулыққа сай пайдаланбаса, радиотілдесуге жағымсыз әсер етуі мүмкін. Белгілі бір телефизиялық сигналдарды қабылдау кезінде бөгеуілдер болмайтынына кепілдік жоқ (бұны жабдықты өшіріп қосу арқылы анықтауға болады). Пайдаланушы бөгеуілдерді төменде келтірілген тәсілдердің бірімен жоя алады:

- Антеннаны қайта бағдарлау немесе басқа орынға ауыстыру.
- Жабдық пен қабылдағыштың арасындағы қашықтықты арттыру.
- Жабдықтың қуат беру сымын басқа розеткаға сұғу.
- Жабдықпен бір жиынтықта жеткізілетін қорғалған біріктіруші кабель мен электр қуат беру сымы радиосәулеленудің рұқсат етілетін деңгейін тұтынуды қамтамасыз ету үшін, тек осы жабдықпен ғана пайдаланылуы тиіс.
- Егер проблемалар жойылмаса, дилерден кеңес алыңыз немесе радио/телевизия маманынан көмек сұраңыз.
- Өндіруші немесе авторландырылған сервис орталығы мақұлдамаған өзгерістер немесе түрленімдер пайдаланушыны осы жабдықты басқаруға заңды күшінен айыруы мүмкін.